

Биебаева А.А.,
Жақсыбекова Ф.С.

**Қазақстан Республикасының
2014 жылғы Қылмыстық
кодексіндегі қылмыстық құқық
бұзушылықтардың көптігі
институты**

Biebaeva A.A.,
Zhaksybekova F.S.

**The institution of plurality
of criminal offenses by the
Criminal Code of the Republic of
Kazakhstan in 2014**

Биебаева А.А.,
Жақсыбекова Ф.С.

**Институт множественности
уголовных правонарушений
в Уголовном кодексе
Республики Казахстан
2014 года**

Мақалада Қазақстан Республикасының 2014 жылғы Қылмыстық кодексінің қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігін реттейтін нормалары талданады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің нысандарын және олардың құқықтық салдарын зерттеу авторларға қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі институтының дамуындағы негізгі үрдістерді айқындап, соңғы жылдардың заңнамалық жаңалықтарын теориялық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берген.

Түйін сөздер: қылмыстық құқық бұзушылықтың көптігі, қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше рет жасалуы, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы, қылмыстардың қайталануы.

The article analyzes the provisions of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan in 2014, which governing the plurality of criminal offenses. The study forms a plurality of criminal offenses and their legal consequences allowed to the authors to identify the main trends in the development of the institution plurality of criminal offenses and theoretically justify legislative innovations of recent years.

Key words: multiplicity of criminal offences, repeated of criminal offences, totality of criminal offences, relapse of crimes.

В статье анализируются нормы Уголовного кодекса Республики Казахстан 2014 года, регламентирующие множественность уголовных правонарушений. Изучение форм множественности уголовных правонарушений и их правовых последствий позволило авторам выявить основные тенденции в развитии института множественности уголовных правонарушений и теоретически обосновать законодательные новеллы последних лет.

Ключевые слова: множественность уголовных правонарушений, неоднократность уголовных правонарушений, совокупность уголовных правонарушений, рецидив преступлений.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
2014 ЖЫЛҒЫ
ҚЫЛМЫСТЫҚ
КОДЕКСІНДЕГІ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ
КӨПТІГІ ИНСТИТУТЫ**

Қылмыс туралы ілімнің құрамдас бөлігі болып табылатын қылмыстардың көптігі мәселесі заңгерлерді бұрыннан толғандырып келеді. Дегенмен, ұзақ уақыт бойы қылмыстардың көптігінің құқықтық реттелуі тиісті деңгейде болмады. Айталық, Қазақ КСР 1959 жылғы Қылмыстық кодексінің Жалпы бөлімімен аса қауіпті рецидивистердің жауаптылығы мен қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау мәселелері ғана реттелді. Ал қылмыстардың көптігінің жекелеген нысандары (қайталану, бірнеше мәртелік, жүйелілік, кәсіп және рецидив) жүйеленбеген түрде Ерекше бөлім нормаларымен нақты қылмыстардың негізгі және сараланған құрамдарының белгісі ретінде ескерілетін.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық кодексі қылмыстардың көптігінің құқықтық реттелу деңгейін сапалық тұрғыдан жаңа сатыға көтерді: қылмыстық заңның Жалпы бөлімінде бір жүйеге келтірілген қылмыстардың көптігінің нысандары (түрлері) аталып, олардың құқықтық маңызы бар белгілері сипатталды; көптіктің жекелеген түрлерінің саралауға да, жаза тағайындауға да қатысты құқықтық салдары бекітілді; қылмыстардың көптігін жеке күрделі қылмыстардың кейбір түрлерінен ажырату мәселесі көтерілді. Аталған мән-жайлар қылмыстардың көптігін еш күмәнсіз қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімінің дербес институты ретінде қарастыруға негіз берді.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық кодексінің күші жүріп тұрған кезең ішінде де қылмыстардың көптігі институты айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Олар бірнеше мәртелік ұғымының тарылуынан және қайталануды қылмыс құрамдарының саралаушы белгісі ретінде тану тәжірибесінен бас тартудан көрініс тапты.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы Қылмыстық кодексінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігін реттейтін нормалар «Қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталатын 2-бөлімде орналасқан. Бұл қылмыстық заңның көптікті құқықтық реттеу мәселесіндегі жаңалықтары, ең алдымен, қылмыстарды ғана емес, қылмыстық теріс қылықтарды да қамтитын қылмыстық құқық бұзушылықтар ұғымының енгізілуімен байланысты. Сонымен қатар заңнама қылмыстардың қайтала-

нуы ұғымын тарылту, сондай-ақ қылмыстардың қайталануы жағдайында жазаны міндетті түрде ауырлату тәжірибесінен бас тарту бағытында өрбүде.

Қылмыстық заңнамада көптіктің жалпы анықтамасы тұжырымдалмаған. Қылмыстық құқық ғылымында қылмыстардың көптігі деп бір адамның бірнеше қылмыс жасауы түсініледі, егер жасалған қылмыстардың кем дегенде екеуі бойынша оны қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкіндігі жойылмаған болса (яғни, қылмыстық жауаптылықтың ескіру мерзімі өтіп кетпесе және соттылық жойылмаған немесе алынбаған болса) [1, 6].

Жаңа қылмыстық заңнама бұрынғыша көптіктің үш нысанын қарастырады: қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше мәртелігі, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы және қылмыстардың қайталануы. Көптіктің аталған нысандарының барлығына ортақ белгі – бір адамның саны екіден кем емес қылмыстық құқық бұзушылық (қайталануда – екіден кем емес қылмыс) жасауы.

Көптіктің сандық белгісі жайлы сөз қозғалғанда, адамның екіден көп қылмыстық құқық бұзушылық жасауы әрқашан қылмыстық-құқықтық мағынадағы көптікті құрамайтынын айта кету керек. Мысалы, егер адам жаңа қылмыстық құқық бұзушылықты алдыңғы қылмыстық құқық бұзушылығы үшін ҚР ҚК 65–71, 78-баптарында көзделген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған соң жасаса, бұндай жағдай қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі деп таныла алмайды.

Адамның бір немесе бірнеше әрекеті бойынша қылмыстық іс қозғауға жол бермейтін процессуалдық кедергілер бар болса да (мысалы, жекеше айыптау істері бойынша жәбірленушінің шағымының болмауы – ҚР ҚПК 32-баб. 2-бөл.) қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі танылмайды.

Басқа сөзбен айтқанда, егер адам жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтардың біреуі бойынша қылмыстық қудалау мүмкіндігін немесе өзге де қылмыстық-құқықтық салдарларды жоққа шығаратын негіздер бар болса, қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі болмайды.

Демек, қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі болуы үшін бір адам қылмыстық жауаптылықты туындататын екі немесе одан да көп қылмыстық құқық бұзушылық жасауы керек.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің нысандары ретінде бірнеше мәртелікті, жиынтықты және қайталауды атай отырып,

қылмыстық заң осылайша топтастырудың негізіне қаланған жікті (критерий) атамайды. Бір есептен алғанда, оның себебі – көптіктің аталған нысандарын бөлуге негіз бола алатын ортақ жіктің болмауында. Сондықтан қылмыстық құқық теориясында көптіктің алғашқы екі нысаны бір-бірінен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың біртектес немесе әртектес болуы белгісі бойынша ажыратылатындығы, үшінші нысаны олардан алдыңғы қылмыс үшін соттылықтың болуы фактісі бойынша ерекшеленетіндігі туралы айтылады.

Ортақ топтастыру жігінің болмауы объективті тұрғыдан қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігін құрайтын жағдайлардың қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің заңда көзделген нысандарының ешқайсысына сәйкес келмеуіне әкеліп соғады. Айталық, «қарапайым» тонау үшін соттылығы бар адам қайталап тонау қылмысын жасаса, оның әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше мәртелігі жоқ, өйткені ол алдыңғы қылмысы үшін сотталып қойған; жиынтық та жоқ, өйткені ол жасаған қылмыстар ҚК Ерекше бөлімінің бір бабымен көзделген; қылмыстардың қайталануы да жоқ, себебі оның алдыңғы жасаған қылмысы ауыр қылмыстар санатына жатпайды.

Кейде, керісінше, бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау оқиғасында бір уақытта көптіктің бірнеше нысанының белгілері (мысалы, бірнеше мәртелік пен арнайы қайталану) орын алуы мүмкін. Осы жайт Ресей заңшығарушысының 2003 жылы қылмыстардың бірнеше мәртелігі ұғымынан мүлде бас тартуына себепші болды. Отандық заң шығарушы болса, бұл мәселені бірнеше мәртелік ұғымынан адам бұрын сотталып қойған қылмыстарды алып тастау жолымен шешті. Соның арқасында Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасы бойынша бірнеше мәртелік, жиынтық және қайталану бірін-бірі теріске шығаратын, өзара «қиылыспайтын» ұғымдар болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың заңнамада көзделген нысандарына жеке-жеке тоқталып, әрқайсысының құқықтық салдарын талдайық.

ҚР ҚК 12-бабының 1-бөлігіне сай *қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше мәртелігі* (бірнеше рет жасалуы) деп Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің дәл сол бір бабында немесе бабының бөлігінде көзделген екі немесе одан да көп әрекетті жасау танылады.

Заңнамалық анықтама бірнеше мәртелік белгілерінің екі тобын бөліп қарастыруға негіз береді – сандық және сапалық.

Көптіктің барлық нысандарына тән сандық белгі қылмыстық құқық бұзушылықтар санының екіден кем болмауын талап етеді. Бұл орайда заңда тікелей бекітілген ережеге сай қылмыс пен қылмыстық теріс қылық өзара бірнеше мәрте-лікті құрамайды. Қылмыстық құқық бұзушылық қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай қылмыстық теріс қылық та, қылмыс та болуы мүмкін. Мысалы, алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүлктік залал келтіру (ҚР ҚК 195-бабы) қоғамдық қауіптілігі бойынша қылмыстық теріс қылық деп те, қылмыс деп те танылады. Ал бірнеше мәрте-лікті ҚР ҚК 195-бабының 1 және 2-бөліктерінде көзделген теріс қылықтар ғана немесе ҚР ҚК 195-бабының 3 және 4-бөліктерінде көзделген қылмыстар ғана құрайды.

Бірнеше мәрте-ліктің сапалық белгілерінің біріншісі – жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің дәл сол бір бабында немесе бабының бөлігінде көзделуі, яғни жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірдей болуы. Бірдей қылмыстық құқық бұзушылықтар деп фактілік мән-жайлары бойынша бір-бірінен ерекшеленгенімен, бір ғана қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері бар әрекеттер танылады. Айталық, ұрлықты бірнеше мәрте жасалған деп тану үшін субъектінің бұдан бұрын да кем дегенде бір ұрлық жасағаны анықталуы керек. Сондықтан бұрын тонау жасаған адамның ұрлық жасауы бірнеше мәрте-лік деп таныла алмайды.

Бірнеше мәрте-ліктің қарастырылып отырған белгісіне ҚР Жоғарғы соты да назар аударады: «Қылмыстың бірнеше рет жасалуын тек бірдей қылмыстар құрайды. Сондықтан бірнеше біртектес қылмыстарды жасау қылмыстарды бірнеше рет жасау ретінде танылмайды және қылмыстардың жиынтығы ретінде саралануға жатады» [2].

1997 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінің 11-бабының бастапқы редакциясы қарастырылып отырған сапалық белгіні кең мағынада түсінуге жол беретін. Заңда арнайы көзделген жағдайларда жалпы ережеден ауытқу түрінде бірнеше мәрте-лік деп бірдей емес, бірақ біртектес, сипаты бойынша бір-біріне жақын қылмыстарды жасау бірнеше мәрте-лік деп танылатын. Мысалы, 1997 жылғы ҚР ҚК 175-бабының ескертуіне сай бөтен мүлкті талан-тараждаудың барлық нысандары (ұрлық, тонау, алаяқтық, қарақшылық, иемденіп алу мен ысырап ету), сондай-ақ қорқытып алушылық бір-біріне бірнеше мәрте-лікті құрайтын.

Бірнеше мәрте-лік деп бірдей емес қылмыстарды жасау оқиғаларын тану тәжірибесінен

отандық қылмыстық заңнама 2009 жылдың 10 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының қабылдануына орай бас тартқан болатын [3]. Алайда сот тәжірибесінде «бірнеше мәрте-лік» саралаушы белгісін жаңылыс қолдану фактілері кездеседі. П және К. деген азаматтар К. деген жәбірленушіні зорлайды, содан соң В. деген жәбірленушіге қатысты нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерін жасайды. Бірінші сатыдағы сот екінші қылмысты бірнеше мәрте жасалған нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттері деп саралайды. ҚР Жоғарғы сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы айыптаудан аталған саралаушы белгіні алып тастап, ҚР ҚК 120 және 121-баптарында көзделген қылмыстар бірдей қылмыстарға жатпайды, тек біртектес қылмыстар болып табылады деп көрсетті [4].

Бірнеше мәрте-ліктің келесі сапалық белгісіне сай бірнеше мәрте-лікті тану кезінде адам олар үшін сотталып қойған немесе заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылып қойған қылмыстық құқық бұзушылықтар есепке алынбайды. Осы орайда 2009 жылдың 10 желтоқсанындағы ҚР Заңы қабылданғанға дейін адамның алдыңғы бірдей қылмысы үшін сотталып қойғандығы бірнеше мәрте-лікті тануға кедергі болмағандығын еске сала кету керек. Соңғы жайт бірнеше мәрте-лік пен арнайы қайталану ұғымдарының қиылысуына әкеліп соғатын. Қолданыстағы қылмыстық заңнамада бұл проблема ҚР ҚК 12-бабының 2-бөлігінде өзінің нақты шешімін тапқан.

Адам әрекеттерінде бірнеше мәрте-лік белгісін анықтаудың құқықтық салдары туралы мәселе бөлек қарастыруды қажет етеді. Бірнеше мәрте-лік жауаптылыққа үш түрлі әсер етеді:

1) Заңшығарушы бірнеше мәрте-лікті қылмыстық құқық бұзушылықтың негізгі құрамының міндетті белгілерінің қатарына қоса алады (мысалы, ҚР ҚК 133-бабы – кәмелетке толмағанды спирттік ішімдіктерді бірнеше рет пайдалануға тарту). Бұл жағдайларда бірнеше мәрте-лік белгісінің болмауы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына орай қылмыстық жауаптылықты теріске шығарады.

Кейде кейбір жеке қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының негізгі құрамының объективтік жағының белгілерін сипаттағанда заңшығарушы «жүйелілік» (қылмыстық заңның

қазақша нұсқасында кейде «үнемі» деп аударылады) терминін қолданады. Жүйелілік дегеніміз – бір бағыттылықпен байланысқан және субъектінің мінез-құлық бет алысын көрсететін бірдей немесе біртектес іс-әрекеттерді көп мәрте (әдетте, үш реттен көп) жасау (мысалы, ҚР ҚК 101, 105, 110, 111-баптары). Айталық, өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (ҚР ҚК 105-бабы) өзге де әрекеттермен қатар жәбірленушінің адами қадір-қасиетін жүйелі түрде қорлауды да қамтиды.

Сонымен, келтірілген жағдайларда «бірнеше мәртелік» пен «жүйелілік» қылмыстық құқық бұзушылықтың негізгі құрамының міндетті белгілерінің бірі бола отырып, бірдей міндет атқарады.

2) Заңшығарушы бірнеше мәртелікті не қылмыстық теріс қылықтың (мысалы, ҚР ҚК 187-баб. 2-бөл.), не қылмыстың (мысалы, ҚР ҚК 188-баб. 2-бөл. 2-тарм.) сараланған құрамының белгісі ретінде көздеуі мүмкін. Бірнеше мәртеліктің ҚК Ерекше білімі баптарының шамамен алғанда төрттен бірінде ауырлатушы мән-жай ретінде көзделуіне орай заңшығарушы осындай әрекеттерді саралау ережелерін заң жүзінде бекіту қажет деп тапты: «Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы Қылмыстық кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстары Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің қылмыстарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады» (ҚР ҚК 12-баб. 4-бөл.). Қылмыстық теріс қылықтарға қатысты нақ осындай ереже ҚР ҚК 12-бабының 5-бөлігінде тұжырымдалған.

Нақты қылмыстың саралаушы белгісі ретінде бірнеше мәртелік субъект бірінші және екінші жағдайларда жалғыз өзі аяқталған қылмысты жүзеге асырған жағдайларда ғана орын алмайды, сонымен қатар субъект бірінші немесе екінші реттерде қылмысқа дайындалған немесе оқталған не қатысушы функцияларын (ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші) атқарған жағдайларда да орын алады.

Бұл мәселені шешуде ҚР Жоғарғы сотының бірізді ұстанымы жоқ. Мысалы, «Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» 2007 жылғы 11 мамырдағы №4 Нормативтік қаулысында Жоғарғы сот зорлауды бірнеше мәрте жасалған деп тану үшін бұрын аяқталған зорлау не оған оқталу орын алғаны, бұрын бірге орындаушы немесе қылмысқа басқа да нысанда қатысушы болғаны маңызды емес деп көрсетеді [5]. Ал нақ осы күні қабылданған өзге бір қаулысында Жоғарғы сот

«Адам өлтірген кезде және адам өлтіруге оқталған кезде әрбір іс-әрекет қылмыстардың жиынтығы ретінде жеке саралануы тиіс» деген нұсқау береді [6].

3) Бірнеше мәртелік ауырлатушы мән-жай ретінде жазаға әсер етуі мүмкін (ҚР ҚК 54-баб. 1-бөл. 1-тарм.). Бұл орайда бірнеше мәртелік жазаға ҚК Ерекше бөлімі нормаларымен қылмыстық құқық бұзушылықтардың негізгі немесе сараланған құрамдарының белгісі ретінде ескерілмеген жағдайларда ғана әсер етеді.

ҚР ҚК 13-бабының 1-бөлігіне сай *қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы* деп Қылмыстық кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам солардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау танылады. Көптіктің бұл түрі әртектес қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірігуі арқылы жасалады, сондықтан жиынтық кезінде оған кіретін әрбір қылмыстық құқық бұзушылық дербес сараланады.

Жиынтықтың сандық белгісі бірнеше мәртеліктің сәйкес белгісімен бірдей. Дегенмен, қылмыс пен қылмыстық теріс қылық өзара жиынтық құрауы мүмкін. Айталық, егер адам ҚР ҚК 187-бабында көзделген ұсақ-түйек жымқыруды жасаса, ал содан кейін ҚР ҚК 188-бабында көзделген ұрлықты жасаса, қылмыстық теріс қылық пен қылмыстың жиынтығы орын алады.

Жиынтықтың алдыңғы құқық бұзушылық үшін сотталу фактісінің болмауы және қылмыстық жауаптылықтан босатылмауы түріндегі сапалық белгісі де бірнеше мәртеліктің осындай белгісімен бірдей.

Жиынтықтың өзіндік сапалық белгісі – адам жасаған құқық бұзушылықтардың әртектес болуы, яғни Қылмыстық кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделуі.

Әдетте, жиынтық деп Қылмыстық кодекстің түрлі баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау танылады. Қылмыстық кодекстің бір бабының бөліктерінде көзделген әрекеттерді жиынтық деп тану үшін баптың бөліктерінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлі құрамдары көзделуі керек. Мысалы, ҚР ҚК 219-бабының 1 және 2-бөліктерін жиынтық бойынша саралауға болады. Бұл баптың 1-бөлігінде несиені заңсыз алу үшін, ал 2-бөлігінде – бюджеттік кредитті мақсатсыз пайдалану үшін жауаптылық көзделген. Көріп отырғанымыздай, бұл баптың бөліктерінде әртүрлі қылмыстар туралы айтылып тұр.

Жиынтыққа кіретін бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық бір іс-әрекетпен немесе әрекетсіздік актісімен не екі немесе одан да көп іс-әрекетпен немесе әрекетсіздік актісімен жасалуы мүмкін. Осы қасиетіне қарай қылмыстық құқық теориясында жиынтықтың екі түрі бөліп қарастырылады – идеалды және шынайы.

Идеалды жиынтықтың анықтамасы ҚР ҚК 13-бабының 2-бөлігінде беріледі: Қылмыстық кодекстің екі немесе одан да көп бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілері бар бір әрекет (әрекетсіздік). Үй ішіндегі адамды өлтіру мақсатымен сол үйді өртеп жіберу идеалды жиынтықтың хрестоматиялық мысалы бола алады. Бұл жерде бір әрекетпен бірден екі қылмыс жасалады: адам өлтіру (ҚР ҚК 99-бабы) және бөтен мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру (ҚР ҚК 202-бабы).

Қылмыстық-құқықтық әдебиетте идеалды жиынтықтың шартты түрде *ескерілген идеалды жиынтық* деп аталатын түршесі бөлек қарастырылады. Бұл ұғыммен қылмыстық заңның бабында бір қылмыс (қылмыстық құқық бұзушылық) өзге бір қылмысты (құқық бұзушылықты) жасау құралы немесе тәсілі ретінде ескерілетін жағдайлар қамтылады. Айталық, ҚР ҚК 115-бабында қорқыту үшін қылмыстық жауаптылық көзделген. Сонымен қатар ҚР ҚК Ерекше бөлімінің бірқатар баптарында қорқыту өзге бір қылмыстарды жасаудың тәсілі ретінде аталады (ҚР ҚК 161-баб. 2-бөл. 1-тарм., 192-бабы, 194-бабы, 380-бабы және т.б.). Келтірілген жағдайлардың барлығында жасалған әрекеттер Қылмыстық кодекстің ең ауыр қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық көздейтін бабы бойынша ғана сараланады. Бұл ретте айыптының әрекеттерін жеңілірек қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық көздейтін бап бойынша қосымша саралау қажеттігі жоқ. Өлтіремін деп қорқыта отырып бөтен мүлікті талап еткен адамның әрекеттерін ҚР ҚК 194-бабы бойынша қорқытып алу деп саралау жеткілікті. Келтірілген мысалда бір қылмыстық құқық бұзушылық өзге бір қылмыстық құқық бұзушылықтың негізгі құрамының белгісі болып табылады.

Кейде қылмыстық заңда бір қылмыстық құқық бұзушылық өзге бір қылмыстық құқық бұзушылықтың сараланған құрамының белгісі ретінде ескеріледі. Осындай жағдайларға қатысты ҚР Жоғарғы соты мынадай түсініктеме береді: «Егер іс бойынша қолдануға жататын қылмыстық заңның нормасы, қылмыстар жиынтығын көрсете келе, жасалған қылмыстардың әрқайсысының барлық белгілерін толық қамтыса және

олардың әрқайсысынан қоғамдық қауіпті зардаптардың келтірілуін көздесе, онда жасалған әрекет тұтастай алғанда осы саралаушы белгілері бар неғұрлым ауыр қылмысты жасағаны үшін жауаптылықты көздейтін ҚК тиісті бабы бойынша саралауға жатады» [2]. Мысалы, қарақшылық шабуыл барысында жәбірленушінің денсаулығына қасақана ауыр зиян келтірген адамның әрекеттері ҚР ҚК 192-баб. 2-бөл. 5-тармағы бойынша бір қылмыс ретінде сараланады.

Идеалды жиынтықтың негізгі белгілері мыналар: бір әрекетпен түрлі объектілерге қол сұғу, соның нәтижесінде сипаты бойынша түрлі зардаптардың туындауы. Егер заң шығарушы бір бапта екі объектіге қол сұғатын және түрлі зардаптар туындататын әрекеттер үшін жауаптылық көздесе, онда бұл әрекетті ол жеке құрамдас қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатарына жатқызады деген сөз.

Демек, ескерілген идеалды жиынтық туралы сөз қозғағанда мынаны есте ұстау қажет: заңда ескеріле отырып идеалды жиынтық жиынтық болудан қалады да жеке құрамдас қылмыстық құқық бұзушылыққа айналады, бұл жайт саралаудан көрініс табады. Қазақстан қылмыстық заңнамасының дамуының заманауи үрдістерін талдау идеалды жиынтық есебінен жеке құрамдас қылмыстық құқық бұзушылықтар санының артып бара жатқанын көрсетеді.

Шынайы жиынтық деп адамның бірнеше әрекетпен қылмыстық заңның түрлі баптарында немесе баптың бөліктерінде көзделген бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасауы танылады. Бұл орайда қылмыстық құқық бұзушылықтардың біреуі алдымен жасалады да, екіншісі оның соңынан жасалады.

Шынайы жиынтықты қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігінен ажырата білу керек. Жиынтықта адам әрқайсысы дербес қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрайтын екі немесе одан да көп әрекет жасайды. Қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігінде бір ғана әрекет екі қылмыстық-құқықтық нормалармен (жалпы және арнайы) қамтылады. Мысалы, О. мен М. тыйым салынған және заттай дәлелдеме деп танылған мүлікті ысырап етеді [7]. Олардың әрекеті бір уақытта ҚК Ерекше бөлімінің екі түрлі бабымен қамтылады: сеніп тапсырылған бөтен мүлікті ысырап ету (ҚР ҚК 189-бабы) және тізімдеме жасалған немесе тыйым салынған не тәркілеуге жататын мүлікке қатысты заңсыз әрекеттер (ҚР ҚК 425-бабы). Осыған ұқсас жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы болмайды және жауаптылық арнайы

норма бойынша туындайды. Келтірілген мысалда тізімдеме жасалған немесе тыйым салынған не тәркілеуге жататын мүлікке қатысты заңсыз әрекеттер үшін жауаптылық көздейтін норма арнайы норма болып табылады. Нормалардың жиынтығы жағдайында қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ережелері ҚР ҚК 13-баб. 3-бөлігінде бекітілген.

ҚР Жоғарғы соты кейбір жағдайларда шынайы жиынтықты бірдей қылмыстар да құрауы мүмкін деп санайды: «Адам аяқталған қылмыстарды және қылмыс жасаудың белгілі бір сатысында соңына дейін жеткізілмей тоқтатылған қылмыстарды жасаған жағдайда бұл қылмыстар бір бап бойынша саралануы мүмкін емес. Мұндай жағдайларда аяқталмаған қылмыс ҚК 24-бабының тиісті бөлігі және ҚК Ерекше бөлімінің бабы (бабының бөлігі) бойынша, ал аяқталған қылмыс – осы қылмыс үшін жауаптылық көздейтін ҚК бабы бойынша саралауға жатады». Қылмысқа ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші ретінде қатысып, басқа жолы нақ осындай қылмыстың орындаушысы болған адамның әрекеттерін саралау жөнінде де Жоғарғы сот осыған ұқсас түсініктеме береді [2].

Ғалымдар жиынтықтың қарастырылып отырған белгісін осылайша түсінуге қарсылық білдіреді. Аяқталмаған қылмыс пен қылмыстық құқық бұзушылықты қатысып жасау оқиғалары шынайы жиынтық ережелері бойынша саралана алмайды, өйткені аяқталған қылмыс пен нақ осындай аяқталмаған қылмысты жасау немесе қылмыстық құқық бұзушылықты жалғыз жасау мен нақ сондай қылмыстық құқық бұзушылықты қатысып жасау кезінде бұл қылмыстық құқық бұзушылықтар «Қылмыстық кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген» қылмыстық құқық бұзушылықтарға айналмайды. Оның үстіне, біздің ойымызша, жиынтықтың бірдей қылмыстық құқық бұзушылықтардан құралуы мүмкіндігін мойындау заңшығарушының еркіне өрескел кереғар келеді.

Жиынтық қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің нысаны ретінде жауаптылыққа екі бағытта әсер етеді:

1) Адамның әрекеттері ҚК Ерекше бөлімінің бірнеше бабымен немесе бабының бөліктерімен сараланады;

2) Оған жаза қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау ережелері бойынша тағайындалады (ҚР ҚК 58-бабы).

Қылмыстардың қайталануы (рецидив) қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің

ең қауіпті нысаны болып табылады. Этимологиялық тұрғыдан латын тіліндегі *recidivus* сөзі – қайтып келуші, бірдененің қайталануы дегенді білдіреді. Алайда қылмыстық-құқықтық мағынадағы қайталану ұғымы бұл сөздің ауызекі тілдегі мағынасынан әлдеқайда тар. ҚР ҚК 14-баб. 1-бөлігіне сай қылмыстардың қайталануы дегеніміз – бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамның ауыр қылмыс жасауы.

Кеңес заманындағы қылмыстық заңнама «рецидив» терминін қылмыскерді сипаттау үшін қолданатын. Қазақ КСР 1959 жылғы Қылмыстық кодексі үйреншікті қылмыскерлерді аса қауіпті рецидивист деп тану мүмкіндігін көздейтін. Тәуелсіз Қазақстанның қылмыстық заңнамасы қайталануды тек қана қылмысты сипаттау үшін қолданады.

Жоғарыда айтқанымыздай, отандық қылмыстық заңнама қайталану ұғымын тарылту бағытында дамып барады. 1997 жылғы ҚР Қылмыстық кодексі бойынша қайталану деп қасақана қылмыс үшін соттылығы бар адамның тағы бір қасақана қылмыс жасауы танылатын. Бұл орайда бастапқыда адамның әрекеттерінде қайталанудың анықталуы саралауға, жазаға және бас бостандығынан айыру жазасын өтеуге әсер ететін.

Қайталанудың 2014 жылғы ҚР ҚК 14-баб. 1-бөлігінде тұжырымдалған нормативтік анықтамасы оның мынадай белгілерін атауға негіз береді:

1) Адам жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар қылмыстар қатарына жатуы керек. Заң «қайталану» ұғымын қылмыстық теріс қылықтарға қолданбайды.

2) Алдыңғы қылмыс та, кейін жасалған қылмыс та ауыр қылмыстар санатына жатуы керек. Бұл жерде «ауыр» терминін заңшығарушы ауыр және аса ауыр қылмыстарды қамтитын жинақтаушы ұғым ретінде қолданған.

3) Алдыңғы қылмыс үшін адам бас бостандығынан айыру жазасына сотталған болуы керек. Демек, алдыңғы жолы бас бостандығынан айырудан өзге жаза түріне сотталғандық қайталануды құрамайды. Бұл орайда заң жана қылмыс үшін де бас бостандығынан айыру жазасының тағайындалуын талап етпейді.

4) Алдыңғы ауыр қылмыс үшін соттылық жойылмаған немесе алынбаған болуы керек. ҚР ҚК 79-баб. 1-бөлігіне сәйкес қылмыс жасағаны үшін сотталған адам соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген күннен бастап сотталғандығы өтелген немесе алып тасталған кезге дейін сот-

талған болып есептеледі. Аталған талапты жүзеге асыру үшін соңғы қылмыс жөніндегі істі қарап отырған соттың қолында алдыңғы үкімдердің көшірмесі және сотталушының бұрынғы соттылығы туралы өзге де мәліметтер болуы керек. Аталған материалдар болмаса және оларды алу мүмкін болмаған жағдайда, сотталушының әрекеттерінде қылмыстың қайталануын тануға жол берілмейді [8].

ҚР ҚК 8-баб. 2-бөлігінде бекітілген жалпы ережеге сай адамның басқа мемлекеттің аумағында сотталғандығының және қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жасауының өзге де қылмыстық-құқықтық салдарының осы адамның Қазақстан Республикасының аумағында жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін қылмыстық жауаптылығы туралы мәселені шешу үшін қылмыстық-құқықтық мәні болмайды. Осындай соттылықтар Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жағдайларда ғана қылмыстық-құқықтық мәнге ие болады. Айталық, Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияның 76-1-бабына (Минск 1993 жылғы 22 қаңтар) және Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияның (Кишинев, 2002 жылғы 7 қазан) 99-бабына сәйкес аталған Конвенцияларға мүше-мемлекеттердің үкімдері бойынша алынбаған немесе жойылмаған соттылықтар Қазақстанда ескерілуі мүмкін. Сондай-ақ, қайталануды тану кезінде бұрынғы КСРО мен оның құрамына кірген одақтас республикалардың соттарының (трибуналдарының) үкімдері бойынша алынбаған немесе жойылмаған соттылықтар ескерілуі тиіс.

Қылмыстардың қайталануы туралы мәселені шешкенде жаңа іс бойынша үкім шығарған кезде қылмыстық заңнаманың өзгеруіне орай қылмыссыздандырылған (декриминализацияланған) әрекеттер үшін болған соттылықтар есепке алынбауы тиіс [8]. Жаңа қылмыстық заңнаманы қолдану барысында ҚР Жоғарғы сотының бұл түсініктемесі ерекше өзектілікке ие болып отыр.

5) Алдыңғы ауыр қылмысты адам кәмелет жасына толған соң жасауы керек. ҚР ҚК 14-баб. 3-бөлігі бойынша адамның он сегіз жасқа дейін жасаған қылмыстары үшін сотталғандық қылмыстардың қайталануын тану кезінде есепке алынбайды.

Сот тәжірибесінде заңның жоғарыда келтірілген талабынан ауытқу оқиғалары ұшырасады. Кәмелет жасына толғанға дейін жасалған

бөтен мүлікті талан-тараждау қылмыстары үшін жойылмаған екі соттылығы бар Б. деген азамат соңғы жолы жауаптылықты ауырлатушы мән-жайларда тонау жасайды. Сот алдыңғы сотталықтарын ескере отырып, Б.-ның әрекеттерінде қылмыстардың қайталануын таниды. ҚР Жоғарғы сотының қылмыстық істер жөніндегі қадағалау сот алқасы сот үкімін өзгертіп, Б.-ның әрекеттерінде қылмыстардың қайталануын тану бөлігінде күшін жояды [7].

Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасы қылмыстардың қайталануын екі түрге бөледі: «қарапайым» қайталану және қауіпті қайталану.

Қауіпті қайталану деп, біріншіден, бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталған немесе аса ауыр қылмысы үшін сотталған адамның ауыр қылмыс жасауы; екіншіден, бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамның аса ауыр қылмыс жасауы танылады (ҚР ҚК 14-баб. 2-бөл.).

Қылмыстардың қайталануының басқа жағдайларының барлығы «қарапайым» қайталануды құрайды.

Қайталануды заңнамалық топтастырудың негізіне өзара байланысты екі жік қаланған: жасалған қылмыстардың санаты және соттылықтардың саны. Демек, қайталанудың түрін дұрыс анықтаудың алғышарты – бұрын және жаңадан жасалған қылмыстардың санатын дұрыс анықтау.

Аталған топтастыру жігі бойынша 1997 жылғы ҚР Қылмыстық кодексі қайталануды үш түрге бөлетін: «қарапайым» қайталану, қауіпті қайталану және аса қауіпті қайталану. 2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінде қауіпті қайталану «қарапайым» қайталану қатарына көшіріліп, аса қауіпті қайталану қауіпті қайталану қатарына көшірілген. Бұл жайт қылмыстардың қайталануы ұғымының тарылғанының тағы бір көрсеткіші болып табылады.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстардың қайталануы басқа жіктер бойынша да топтастырылады. Жасалған қылмыстардың сипаты бойынша қылмыстардың қайталануы жалпы және арнайы қайталану деп бөлінеді. Жалпы қайталану дегеніміз – ауыр қылмыс үшін соттылығы бар адамның кез келген (әртекес) ауыр қылмысты жасауы, ал арнайы қайталану дегеніміз – нақ сондай немесе біртектес қылмысты жасауы. 1997 жылғы Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында бастапқыда қылмыстардың арнайы қайталануы жауаптылықты ауырлатушы мән-жай ретінде көзделіп, саралауға әсер

ететін. Мысалы, бөтен мүлікті талан-тараждау құрамдарында «талан-тараждау немесе қорқытып алу үшін екі немесе одан да көп соттылығы бар адамның жасауы» саралаушы белгісі көзделетін. ҚР ҚК Ерекше бөлімі баптарынан «соттылық» саралаушы белгісі жоғарыда аталған 2009 жылдың 10 желтоқсанындағы ҚР Заңымен алынып тасталды.

«Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы №8 Нормативтік қаулысының 1-тармағына сай қылмыстың қайталануының қандай түрінің бар екендігі басты сот талқылауында қылмыстық істі қарау нәтижелері бойынша айыптау үкімін шығару кезінде анықталады[9]. Сотталушының әрекеттерінде қылмыстардың қайталануының бар-жоқтығын анықтау және сәйкес шешім қабылдау соттың құқығы емес, міндеті болып табылады. Қайталанудың түрін анықтау үшін қылмыс жасау сатысы мен қылмысқа қатысу түрінің маңызы жоқ.

Қылмыстардың қайталануы («қарапайым» да, қауіпті де) қылмыстық құқық бұзушылықтардың нысаны ретінде Қылмыстық кодексте көзделген негіздер мен шектерде неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғады (ҚР ҚК 14-баб. 4-бөл.):

1) Қайталану ҚР ҚК 54-баб. 1-бөл. 1-тармағына сай жазаны ауырлатушы мән-жай деп танылады;

2) Қайталану ҚР ҚК 59-бабына сай ерекше тәртіппен жаза тағайындауды көздейді;

3) Қайталану ҚР ҚК 46-баб. 5-бөлігіне сай бас бостандығынан айыру жазасын өтеуге арналған түзеу мекемесінің режимін анықтауға әсер етеді. Сот тәжірибесінде көптеген жағдайларда түзеу колониясы режимінің дұрыс анықталмауының себебі қайталанудың түрін дұрыс анықтамаудың салдары болып табылады[9].

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің 2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінде бекітілген нысандарын талдау көрсеткеніндей, олардың ішінен тек қана бірнеше мәртелік ҚК Ерекше бөлімінде негізгі немесе сараланған қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгісі ретінде ескеріле алады; көптіктің өзге нысандары тек қана жазаға әсер етеді.

Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі институты қазіргі калпында құқықтық күшін сақтаған бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдардың жауаптылығын жіктеу және жазасын жеке даралау жолымен әділдік қағидасын жүзеге асыруға септігін тигізеді.

Әдебиеттер

- 1 Красиков Ю.А. Множественность преступлений (понятие, виды, наказуемость): учебное пособие. – М., 1988. – С. 6.
- 2 «Қылмыстардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №11 Нормативтік қаулысы. //http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000011S_
- 3 «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылдың 10 желтоқсанындағы ҚР Заңы. //http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000227_
- 4 Постановление судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда РК №2а-48-10 от 10 февраля 2010 года.
- 5 «Зорлау және өзге де нәпсәқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №4 Нормативтік қаулысы. //http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000004S_
- 6 «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №1 Нормативтік қаулысы, 50-тарм. //http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000001S_
- 7 Постановление надзорной судебной коллегии по уголовным делам Верховного суда РК №2уп-14-11 от 18 января 2011 года.
- 8 «Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы №8 Нормативтік қаулысы, 5-тарм. //http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000008S_
- 9 «Бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 19 қазандағы №15 Нормативтік қаулысы. //http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P01000015S_

References

- 1 Krasikov Y. A. Ulplicity of crimes (concept, kinds, punishability). Train aid. – М., 1988. – 6 p.
- 2 «About qualification of repeated and totality of crimes» Normative Supreme Court of Republic of Kazakhstan ruling from December, 25, 2006 N 11//http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000011S_

- 3 «Kazakhstan republic criminal, a criminal case conduct and citizenship conducting business code court system perfects question according to change and additions bringing about» 2009 year 10 December ҚР law. //http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000227_
- 4 «Decision of judicial college on the criminal cases of the Supreme court of РК» №2а-48-10 from February, 10, 2010.
- 5 «About some questions of qualification of the crimes related to raping and another violent actions of sexual character» Normative Supreme court of Republic of Kazakhstan ruling from May, 11, 2007 N 4 //http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000004S_.
- 6 «About qualification of some crimes against life and health of man» Normative Supreme court of Republic of Kazakhstan ruling from May, 11, 2007 N 1
- 7 «Decision of supervisory judicial college on the criminal cases of the Supreme court of РК» №2уп-14-11 from January, 18, 2011.
- 8 «About application by the courts of legislation about the relapse of crimes» Normative Supreme Court of Republic of Kazakhstan ruling from December, 25, 2007 N 8. //http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000008S_
- 9 «About some questions of awarding punishment as imprisonment» Normative Supreme Court of Republic of Kazakhstan ruling from October, 19 2001 N 15. //http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P01000015S_